

16.10.23

№ 11-03/831

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Шынар Калиаждарова Идрышевнаның «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары мен инновациялық үлгісінің қалыптасуы» атты ғылыми диссертациясына  
ПІКІР**

Жаңа технологиялардың қарқынды енуі телесалаға үлкен өзгерістер әкелді. Бұл телекеңістікті шығармашылық және технологиялық тұрғыдан түбегейлі өзгертті. Міне, осы тақырып докторант Шынар Қалиаждарованың ғылыми жұмысының негізгі арқауы болып отыр. Диссертант қазақ теледидарының цифрлық кезеңіндегі жаңа үрдістерге ерекше тоқталған. Қазақ телевизиясының технологиялық, шығармашылық өрлеуін бірнеше кезеңге бөліп, әр кезеңнің ерекшелігін анықтаған.

Ізденуші жалпыұлттық арналардың кейбір салалық арналарды қосып, жаңарған форматта хабар таратуы, арналардың көрермендермен ресми сайттары, сол секілді медиаөнімдер мен бағдарламалардың жеке сайттары арқылы байланыс жасауды жолға қоюы, интербелсенділік – әлеуметтік желілермен байланысы, телеөнімдердің басқа платформаларда жариялануы (трансфер), мультиплатформалық және мобильділік үрдістерінің Қазақстандық арналардағы орнына ерекше талдау жасап, нақты мысалдарымен айқындай білген. Сонымен қатар отандық арналардағы шетелдік бағдарламаларды пайдалану және оны қазақы ортаға бейімдеу үрдісі (макдональдизация), арналарға жоғары рейтинг жинап беріп отырған әдістің бірі таблоидизация, конвергенттік редакцияға құруға деген шығармашылық топтың ұмытылысы да – зерттеу жұмысының өзегіне айналған.

Докторант Шынар Калиаждарованың зерттеу жұмысынан ғылыми негіздермен сипатталған тәжірибелік мысалдар көп кездеседі. Бұл ізденушінің телесаладан тәжірибесі мол екендігін айғақтайды. Шынар Калиаждарованың «31арна», «Қазақстан» ұлттық арнасындағы бірнеше жылғы шығармашылық тәжірибесі телеарналар өнімдерін кәсіби тұрғыда саралауға және тележурналист ретінде бағалауға септігін тигізгендігін

Бланк сериалдық номермен ғана қолданылады  
Бланк действителен только с сериальным номером

0000874

байқауға болады. Сондай-ақ, докторант диссертациялық жұмысына телеменеджерлер, тележурналистер мен кәсіби сарапшылар пікірін кеңінен қолданған. Әр тарауда ғалымдар мен телеөндірісте қызмет атқаратын мамандар пікірін қатар беру арқылы ой топшылайды. Бұл докторлық жұмыстың құндылығын еселей түседі.

Зерттеу жұмысында телеарналардың сапалық көрсеткішіне байланысты бірнеше жылдың статистикалық деректері, кестелер қамтылған. Бұл ізденушінің докторлық жұмыс жазу кезеңіндегі ізденістерінің нәтижесі. Зерттеу тақырыбына байланысты бірнеше ғылыми мақала жарық көрген. Ондағы зерттеу деректері мен нәтижелері ғылыми жұмыста тиімді қолданылған.

Шынар Калиаждарова диссертациялық жұмысы барысында отандық зерттеушілермен қатар, шетелдік ғалымдар еңбектеріне арқа сүйеген. Шетелдік мамандардың телевизия болашағына байланысты ғылыми тұжырымдарын орынды пайдалана отырып, өз көзқарасымен ұштастыра берген.

Докторанттың ғылыми жұмысының нәтижелерін ерекше атап өткен жөн. «Телехабар дайындау технологиясы» (2017), «Тележаңалық: тәжірибе» (2022) еңбектері – үлкен ізденістің жемісі. Бұл оқу құралдары қазіргі күні қолданыста.

Ғылыми жұмыстың құрылымы рет-ретімен, логикалық жүйемен өзара байланыстырылып жазылған және нәтижелердің ішкі бірлігі толықтай сақталған. Зерттеу жұмысының қорытынды бөліміндегі ұсыныстардың маңызы зор. Диссертациядағы ой жинақы және өте ұғынықты жазылған.

Калиаждарова Шынар Идрышевнаның «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары мен инновациялық үлгісінің қалыптасуы» атты диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады. Ғылыми жұмыс «6D050400 - Журналистика» мамандығына сәйкес келеді және еңбектің ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келеді. Сондықтан диссертант Калиаждарова Шынар Идрышевнаға «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп қорытынды жасауға негіз бар.

**«Қазақстан» телерадиокорпорациясының  
Бас редакторы**

*Б. Мүрті*

**Болат Мүрсәлім**